

**ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ХОРЕОГРАФИЯ АКАДЕМИЯСЫ
KAZAKH NATIONAL CADEMY OF CHOREOGRAPHY
КАЗАХСКАЯ НАЦИОНАЛЬНАЯ АКАДЕМИЯ ХОРЕОГРАФИИ**



ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ
**ХОРЕОГРАФИЯ
АКАДЕМИЯСЫ**



**ТЕМІРБЕК ҚАРАҰЛЫ ЖҮРГЕНОВТИҢ 125 ЖЫЛДЫҚ МЕРЕЙТОЙЫНА
АРНАЛҒАН «ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ҰЛЫ ТҰЛҒАЛАРЫ» АТТЫ
II ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ**

10 СӘУІР 2023 ЖЫЛ

**II INTERNATIONAL SCIENTIFIC AND PRACTICAL CONFERENCE
"GREAT PERSONALITIES OF THE GREAT STEPPE" DEDICATED TO THE 125TH
ANNIVERSARY OF TEMIRBEK KARAULY ZHURGENOV**

APRIL 10, 2023

**II МЕЖДУНАРОДНАЯ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКАЯ КОНФЕРЕНЦИЯ
«ВЕЛИКИЕ ЛИЧНОСТИ ВЕЛИКОЙ СТЕПИ»,
ПОСВЯЩЕННАЯ 125-ЛЕТИЮ ТЕМИРБЕКА КАРАУЛЫ ЖУРГЕНОВА**

10 АПРЕЛЯ 2023 ГОД

АСТАНА

ӘОЖ 793.3 (574)
ББК 85.32 (5Қаз)
Т33

РЕЦЕНЗЕНТТЕР:

Көшербаев Ж.А. – PhD докторы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің «Музыкалық білім және хореография» кафедрасының меңгерушісі.

Саитова Г.Ю. – өнертану кандидаты, профессор, Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген әртісі, Қазақ ұлттық хореография академиясы.

Т33 Темірбек Қараұлы Жүргеновтің 125 жылдық мерейтойына арналған «Ұлы даланың ұлы тұлғалары» атты II Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның баяндамалар жинағы. – Астана: Қазақ ұлттық хореография академиясы, 2023. – 216 б.

ISBN 978-9965-23-620-4

Жинақта қазақ әдебиеті мен өнерінің дамуына зор үлес қосқан, ХХ ғасырдың басындағы Қазақстанның мәдени жаңғыру идеологы, халық эпосы мен музыкасының білгірі, Темірбек Қарайұлы Жүргеновтің (1898 – 1938 жж.) мұрасына арналған баяндамалар ұсынылған.

Сонымен қатар, жинақта жеке тұлғаны дамыту тәжірибесі ретінде өнер мәселелері қарастырылған. Баяндамалар би өнері, хореография, сондай-ақ цифрлық қоғамда жеке тұлғаны тәрбиелеу мәселелеріне арналған. Баяндамалар көтерілген мәселелер мен сұрақтардың құндылығын ашып, зерттеушілерге ұсынылады.

ӘОЖ 793.3 (574)
ББК 85.32 (5Қаз)

Қазақ ұлттық хореография академиясы 2023 жылғы 27 сәуірдің №9 хаттама Ғылыми кеңесінде басылымға ұсынылды.

ISBN 978-9965-23-620-4

©Қазақ ұлттық хореография академиясы, 2023

РЕДАКЦИАЛЫҚ АЛҚА

Бас редактор:

Нүсіпжанова Бибігүл Нұрғалиқызы

Ректор, Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген қайраткері
педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор.

Бас редактордың орынбасары:

Толысбаева Жанна Жеңісқызы

Ғылыми жұмыс және стратегиялық даму жөніндегі директор,
филология ғылымдарының докторы, профессор.

Редакциялық алқа мүшелері:

Мұхамеджанова Айнагүл Тастемірқызы

Ғылым, жоғары оқу орнынан кейінгі білім және аккредиттеу
бөлімінің басшысы, филология ғылымдарының кандидаты,
доцент.

Жүнісов Серік Қазырқанұлы

Ғылым, жоғары оқу орнынан кейінгі білім және аккредиттеу
бөлімінің жетекші маманы, гуманитарлық ғылымдар магистрі.

Мөлтенова Ляйля Сұбыханбердіқызы

Ғылым, жоғары оқу орнынан кейінгі білім және аккредиттеу
бөлімінің маманы

АЛҒЫ СӨЗ

Нүсіпжанова Б.Н.

Ректор, Қазақстан Республикасының
Еңбек сіңірген қайраткері
педагогика ғылымдарының
кандидаты, профессор.

Қайырлы күн, құрметті әріптестер, қадірменді конференция қонақтары!

Алаш арыстарының ішіндегі бірі де бірегейі, Темірбек Қараұлы Жүргеновтің 125 жылдық мерейтойына арналған «Ұлы даланың ұлы тұлғалары» атты II Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясын ашылу салтанатымен шын жүректен құттықтаймын!

Темірбек Жүргенов халқын ағарту жолында кеудесін отқа да, оққа да тосудан тайсалмаған еліміздің бір туар тау тұлғасы. Қазақстандағы мәдениет, әдебиет, өнер саласының талантты ұйымдастырушыларының бірі, республиканың көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері. Ол тек еліміздің ғана емес, түркі халқы үшін де елеулі еңбек атқарған қайраткер. Орта Азия мен Қазақстанға ортақ тұлға, қаламы қарымды сыншы-көсемсөз иесі екенін деректерден оңай аңғаруға болады.

Дара тұлғаның қайраткерлігін бағалауда үш өлшем бар: – Биіктік, Тереңдік, Кеңдік. Табиғи таланттарды іздеп табу, тану, оларға жағдай жасап, өнер көгінде жарқырай көрінулеріне, аштықтан тұралаған, қансыраған мемлекетті үш жылда, яғни, 1936 жылы Мәскеудегі онкүндікте қазақ ұлтының рухы биік, мәдениеті мен әдебиетінің ешбір елден кем еместігінің көрініс табуы Жүргеновтің қайсар қайраткерлігі мен орасан зор іскерлігі, ұйымдастырушылық қабілетінің ауқымдылығы, бір сөзбен айтқанда биіктігі еді. Яғни, ұлттық мәдениет пен өнер саласы мамандарынның жұлдызын жағуға айрықша назар аударды.

Жаһанданудың жалына жармасып, өсіп келе жатқан жас ұрпақ «Темірбек Жүргенов» деген ұлы есімді естіген сәтте ұлттық рухы оянатындай, бабаларының ерлігін бетке ұстап, келер ұрпаққа оның ерлігін етене білуі сізбен бізге тікелей байланысты.

Болашақ ұрпақ қайраткер азаматтың ұлттық тарихтағы алтын әріппен жазылған есімін тани білуі керек.

Темірбек Жүргенов өмірінің соңғы күндеріне дейін қазақ халқына, еліне адал қызмет етті, қалың жұртшылық арасында үлкен құрметке, зор беделге ие болды.

Осы орайда ұлтымыздың ұлы кемеңгерлерінің бірі Ахмет Жұбанов өз естелгінде: «...Міне сол мемлекеттік қайраткерлердің ішінде Жүргенов Темірбектің рөлін айрықша атап өту керек. Өзінің

Қазақстанда болған үш-төрт жылының ішінде ол адам таңқаларлықтай кесек-кесек жұмыстар атқарды...», – деп баға берген болатын.

Сонымен қатар, Қазақстанның халық әртісі, белгілі өнер майталманы Құрманбек Жандарбеков ол туралы: ««Біз оны қазақ театрының атасы ретінде қазақ өнері мен әдебиетінің білімдары ретінде және Қазақстандағы оқу-ағарту ісінің талмас жанашыры ретінде білеміз»» деп текке айтпаған.

Темірбек Жүргенов қазақ өнерінің қанат жаюына қыруар тер төгіп, таудай үлес қосты. Адал еңбегінің арқасында Темірбек Жүргенов есімі ел тарихында мәңгіге жазылды. Ал бүгінгідей ұйымдастырылып отырған конференциялар қазақ мәдениетінің дамуына зор үлес қосқан ұлы тұлғалардың есімін болашаққа жеткізуде, өнегелі ісін жастарға үлгі етуде маңызы орасан зор.

30-шы жылдардың басында Голощекин ылаңынан соң тұралап жатқан ұлттық мәдениетке жан бітіріп, 18 мектеп салдырған, ұлттық опера өнерінің негізін қалаған Темірбек Жүргеновтің есімін қастерлеп, қазіргі жас ұрпақтың жүрегіне ұялату бүгінгі күннің борышы болып отыр. Қазақ мәдениетінің жанашыры болған осынау азаматқа қандай құрмет көрсетілсе де артық емес. Сондықтан да біз бүгін Темірбек Қараұлы Жүргеновтың тарихи ерлігі алдында бас иіп, бүгінгі ұрпақ жадында жаңғырту азаматтық міндетіміз білемін. Оның есімі қазақ мәдениетінің тарихында мәңгі жазылады.

Конференцияға қатысып, қанатымен су сепкен қарлығаштай осында түрлі еңбек алып келіп, құнды деректерін ортаға салған үзеңгілестеріме толағай шығармашылық табыстар тілеймін! Тарихтың ақтаңдақ беттері сіздердей ізденімпаз тұлғалар бар да, Темірбек Жүргеновтей тау тұлғаларымыздың еңбектері ешқашан ұмытылмақ емес! Назарларыңызға рахмет!

**МРНТИ 13.11.28
УДК 792.8**

Ғари-Якубова Е.А.

ВЗАИМОДЕЙСТВИЕ КУЛЬТУР ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ В НАЧАЛЕ XX ВЕКА

Аннотация

В статье рассматриваются исторические аспекты формирования культуры и образования в Центральной Азии начала XX века, сходство и особенности путей развития в определённый отрезок времени. Роль личности и творческой интеллигенции в развитии культуры и искусства Центральной Азии на примере жизни и деятельности Темирбека Жургенова.

Ключевые слова: просвещение, развитие, образование, культура, искусство, творчество, созидание.

Культура Центральной Азии, имеющая древнюю историю, уходящую в глубину веков, богата и разнообразна. Пропуская через свои территории караваны Великого шёлкового пути, находясь на перекрёстке европейской и азиатской культуры, народы Центральной Азии имели уникальную возможность знакомиться с достижениями развитых государств. Общение с путешественниками, исследователями, приобретение товаров, книг, новых технологий способствовало культурному обмену.

Перенимая новые знания и опыт, народы Центральной Азии обогащали свои традиции и обычаи, вбирая в свою культуру всё лучшее, что соответствовало ментальности и мировоззрению народа.

Начало XX века для центральноазиатского региона явилось переломным моментом. Смена политического курса затронула все сферы общественной, экономической, культурной жизни, выявляя плеяду сильных, умных, образованных личностей, готовых к преобразованиям на благо своей Родины.

Ещё в середине XIX века великий поэт, философ, музыкант, просветитель, основоположник казахской письменности Абай Кунанбаев заложил краеугольный камень культуры, оставив

богатое духовное наследие, свои творения, ставшие путеводной звездой для современников и будущих поколений. В романе «Путь Абая», фундаментальном труде писателя, драматурга и учёного Мухтара Ауэзова, отражены жизнь и творчество великого поэта. В истории казахской культуры и общественной жизни Абай Кунанбаев остался народным просветителем, мыслитель и гуманист. Мухтар Ауэзов называет Абая выдающейся фигурой, борцом за культуру в мрачной и косной феодальной среде [1].

Одним из выдающихся политических деятелей, просветителей, реформаторов Казахстана в сфере науки, культуры, искусства является Темирбек Караевич Жургенов. Являясь наследником знатного рода, Темирбек с детских лет начал получать уроки литературы, религии, иностранных языков. Понимая силу и значимость образования, он продолжал учёбу, совмещая её с работой и активной общественной деятельностью.

Получая образование в Казпедвузе Ташкента, в 1926 году молодой Темирбек сумел проявить себя не только прилежным и дисциплинированным учеником - его волевые качества, целеустремлённость, организаторские способности привели к назначению студента четвёртого курса на должность директора института. Являясь полиглотом, владеющим несколькими языками, Темирбек мог свободно общаться практически со всеми народностями Центральной Азии и России.

Темирбек Жургенов понимал, что историческая память важна для национального самосознания, гордость за достойное прошлое даёт повод для самоуважения и ответственности за будущее своей Родины.

Высоко оценивая роль искусства в жизни и развитии общества, имеющий глубокие знания об истории своего народа, Темирбек Жургенов проделал огромную работу по сохранению богатого наследия и развития современной культуры.

Образованный, имеющий опыт научной и организаторской работы, являясь истинным просветителем, Темирбек Жургенов открывал школы, способствовал изданию учебников, пособий. За достаточно короткое время количество учащихся заметно возросло. Значительным вкладом в развитие высшего образования стало открытие Темирбеком Жургеновым Казахского государственного университета.

Деятельность наркома просвещения Темирбека Караевича Жургенова отмечена заботой о молодом поколении. Он умел

находить перспективную молодёжь и направлять её сообразно способностям в русло образования и личностного роста с тем, чтобы помочь талантам обрести своё место в профессиональной среде и принести максимальную пользу своей стране.

«Культура и искусство занимали в жизни и деятельности Жургенова особое место – он всей душой поддерживал одарённую молодёжь страны. Делал всё, чтобы обеспечить людей творчества всем необходимым и был удивительно справедлив, защищая артистов от нападков партийных функционеров. Например, знаменитую танцовщицу Шару Жиенкулову и её супруга оперного певца Курманбека Жандарбекова хотели исключить из партии как детей баев, раскулаченных в годы коллективизации. По этому вопросу организовали специальное собрание, на котором было принято решение не только об исключении из партии, но и об увольнении из театра ...» [2]. Темирбек Жургенов не только разрешил ситуацию, оставив работать артистов в театре, но и сумел убедить их в том, что что они – Куляш Байсеитова, Канабек Байсеитов, Шара Жиенкулова, Курманбек Жандарбеков – стоят на пороге создания высокого классического искусства и являются основоположниками оперного театра.

«По распоряжению Темирбека Жургенова Шара Жиенкулова отправляется в Ташкент, где познаёт азы хореографии, учится у знаменитой Тамары Ханум. Вернувшись, Шара Жиенкулова станет основателем национальной хореографии. Впервые в её исполнении мы увидим казахский танец, и то, что в Казахстане было открыто хореографическое училище, тоже заслуга Жургенова» [3].

Шара Жиенкулова не только развивала и совершенствовала казахский танец, создавая новые движения и покоряя сердца зрителей, но и привозила после гастрольных поездок новые танцы той страны, где побывала на гастролях. После завершения танцевальной карьеры, Шара Жиенкулова на протяжении многих лет передавала секреты мастерства своим ученикам в хореографическом училище.

Мечтая о создании национальной оперы, Темирбек Жургенов искал профессионального композитора, который мог бы написать музыку.

Вот как вспоминает это непростое для театра время Курманбек Жандарбеков в своей книге «Жажда истины»: *«Помню, Темеке (Темирбек Жургенов) вызвал нас с Канабеком (Байсеитов) к себе на прием и посетовал на скудность*

музыкального репертуара нашего театра. Велел решать задачу с постановкой первой национальной оперы «Кыз Жибек» в ближайшие сроки. И тут Канеке встает и говорит: «Тут у нас есть один парень из Ленинграда, окончил консерваторию, сейчас по распределению работает учителем музыки в школе. Правда, языка не знает, но, думаю, это не беда» [4]. Парнем тем оказался Евгений Григорьевич Брусиловский – впоследствии основатель профессиональной казахской композиторской школы, создатель первых казахских опер «Кыз Жибек», «Ер-Таргын», «Дударай» и других, составляющих сокровищницу казахской классической музыки.

В тот же день Брусиловский был назначен музыкальным редактором театра, и началась кропотливая работа. Чтобы композитор лучше понял произведение и проникся им, был сделан полный перевод либретто оперы на русский язык. Для более плодотворной работы все артисты перебрались в санаторий «Аксай». Курманбек, Жумат Шанин, Шара и Канабек Байсеитовы пели Брусиловскому все народные песни, какие только знали, пересказывали ему их смысл [4].

Важнейшим событием культурной жизни стала декада Казахстана в Москве, проходившая с 17 по 25 мая 1936 года. Мастера искусств за три месяца поставили и отрепетировали программу, которая с огромным успехом прошла на сцене Большого театра Москвы. Столица рукоплескала артистам, показавшим лучшие образцы музыкального, вокального и хореографического искусства. Высокой похвалы заслужила и художественная выставка. Успех, в котором заслуга Жургунова была неоспорима, был отмечен заслуженными высокими наградами.

К великому сожалению, неотвратимая для многих выдающихся личностей машина репрессий оборвала жизнь человека, посвятившего всю свою жизнь развитию и процветанию своей Родины. За короткую жизнь Темирбек Жургунов успел сделать столько, что хватило бы не на одну биографию. Построенные им школы, открытые вузы, театры и сейчас продолжают служить народу на благо, развиваясь по тому пути, который был заложен выдающимся государственным и общественным деятелем, патриотом и просветителем Темирбеком Караевичем Жургуновым.

Смена политической, общественно-экономической формации в начале XX века стала переломным историческим моментом и для народов Туркестана. Это время активизировало

прогрессивных образованных деятелей, просветителей, готовых нести ответственность за развитие передовой идеологии, формирование нового общества.

Таковыми реформаторами, заложившими основы будущего, умевшими не только стратегически мыслить, но и воплощать прогрессивные идеи в жизнь, преодолевая сопротивление реакционных сил, стали джадиды.

Они предлагали пересмотреть традиционную общественно-философскую систему не только с позиций развития культуры, науки и образования, но (это главное) и в свете задач антиколониальной борьбы. В целях реформирования системы образования джадиды начали создавать собственные национальные школы, обучение в которых было основано на новых методах [5].

Абдулкадыр Шакури, Махмудходжа Бехбуди, Абдулла Авлоний, Абдурауф Фитрат, Мунаввар Кары Абдурашидханов и другие, стремясь к духовному развитию личности призывали к уважению и толерантности по отношению к другим религиозным конфессиям. Идеи джадидов заключались в воспитании молодого поколения на европейском уровне образования с включением в программу таких наук, как география, история, турецкий язык, химия, физика, арифметика, русский и арабский языки. В школах джадидов сочетались наука, светское и религиозное образование. Джадиды пропагандировали образование для всего народа.

Хамза Хакимзаде Ниязи – узбекский поэт, драматург, общественный деятель, народный поэт Узбекской ССР, – закончив медресе, организовал бесплатную школу для бедных и преподавал в ней. Популярностью пользовались его пьесы «Проделки Майсары» (1926) и «Тайны паранджи» (1927), в которых говорится о тяжёлой доле узбекских женщин в дореволюционные годы. Ему принадлежит несколько десятков песен. Прогрессивные взгляды Хамзы вызывали ненависть у реакционно настроенных групп населения. После организованного им в Международный женский день праздника в кишлаке Шахимардан, во время которого 23 жительницы отказались от паранджи, он был зверски забит камнями религиозными фанатиками 18 марта 1929 г.

Один из ярких деятелей Узбекистана, обладающий от природы необыкновенно мощным голосом, артист, просветитель, организатор и пропагандист искусства – Мухитдин Кари-Якубов.

Кари-Якубов – первый узбекский певец баритон, отказавшийся от вековых традиций «горловой манеры пения». В 1923 году ему было присвоено почетное звание Первый певец Туркестанской республики (а затем народный артист Узбекской ССР). Он организатор и руководитель первого современного ансамбля узбекской музыки, песни и танца, режиссер и артист первых узбекских музыкальных театров. Получив образование в ГИТИСе, Кари-Якубов организует и руководит первой узбекской оперной студией при Московской Государственной консерватории. Учёба в Москве, богатая творческая гастрольная деятельность, это шаги к осуществлению главной мечты - создать в Узбекистане оперно-балетный театр.

Организовав в 1922 году концертную труппу, Мухитдин Кари-Якубов включает в неё единственную женщину Тамару Ханум, первую танцовщицу, которая шагнула на сцену с открытым лицом. Создав не только творческий, но и семейный союз, молодая пара после учёбы в Москве в 1925 году направляется в Париж, на первую всемирную декоративную этнографическую выставку, откуда привозят золотые медали.

Созданная Народным артистом Узбекистана Мухитдином Кари-Якубовым в 1926 году Первая Этнографическая передвижная труппа, бережно обрабатывает фольклорные и этнографические материалы, собранные во время гастрольных поездок по стране. Узбекский танец, песни, музыка, бережно обрабатываются и, сохраняя свою аутентичность, возвращается народу в сценической форме.

Работа этнографической труппы носила не только зрелищный, но и просветительский характер. Привлечённая в труппу одарённая молодёжь училась у мастеров искусству пения, танца, актёрского мастерства и пополняла ряды профессиональных артистов.

В 1929 году труппа преобразовывается в музыкальный театр, при труппе создаётся студия, в которой дойрист-усульчи Уста Алим Камилов и Тамара Ханум составляют для учащихся комбинации из самых красивых движений и ритмов ферганского танца «Катта уйин» (Большой танец), выстраивая композицию от простого к сложному. Созданный ими цикл уроков «Дойра дарс» является основой для изучения узбекского танца и по сей день. Классический танец в студии преподавали К. Бек, И. А. Чекрыгин, Е. Новиков, В. Вильтзак, Н. Довгели.

В 1933 году открылась Государственная республиканская балетная школа. Преподавателями узбекского народного танца

стали – Уста Алим Камиллов, Тамара Ханум, Мукаррам Тургунбаева, Розия Каримова, характерный танец преподавал Али Ардобус Ибрагимов. Эти мастера заложили фундамент узбекской сценической хореографии. Уроки классического танца вели педагоги с прекрасным знанием методики Агриппины Яковлевны Вагановой – Тамара и Константин Бек, Вера Николаевна Губская, Евгения Константиновна Обухова, затем Александра Николаевна Обухова, Нина Довгелли, Александр Романович Томский, Зинаида Николаевна Афанасьева, Софья Николаевна Тулубьева, Иван Александрович Чекрыгин.

В 1933 году был поставлен первый балет-пантомима на национальную тему «Пахта» Р. Рославца (балетмейстеры К. Бек и У.А. Камиллов) – это был первый шаг на пути создания балетного спектакля, который сочетал в себе пантомиму и действенный танец.

Поэтапно двигалась работа по развитию оперного спектакля. Первая постановка оперы «Фархад и Ширин» (1934 г.) и «Гульсара» (1936 г.) ещё относилась больше к жанру музыкального спектакля, это был опыт работы над гармонизацией народной музыки. Эти первые шаги позволили обратиться к высшей форме современного музыкального творчества. Избрав на этом новом для театра этапе казахскую оперу «Ер-Таргын» композитора Е. Брусиловского, театр преследовал цель не только ознакомить узбекского зрителя с искусством братского Казахстана, но и сделать новый крупный творческий шаг вперед, завершить свой путь от музыкального ансамбля до полноценного оперного коллектива.

Опера «Ер-Таргын» создана на основе народной музыки, песен и кюев. Народный артист КазССР А.В. Затаевич, молодые этнографы Д.Д. Мацуцин, Б.Г. Ерзакович, потратившие немало энергии для собирания и записи песен и кюев, в известной мере подготовили создание казахской оперы. Курманбек Жандарбеков, Куляш Байсеитова, Канайбек Байсеитов, А.П. Чугунов – все они оказали мне как композитору помощь: один в работе над музыкой Ер-Таргын, другие в подборе для нее мелодий, песен и кюев», – Евгений Брусиловский [6].

На сцене Узбекистана Евгений Григорьевич Брусиловский работал над созданием спектакля с такими артистами, как Халима Насырова, Назира Ахмедова, Мухитдин Кари-Якубов, Карим Закиров, Мукаррам Тургунбаева, балетмейстер Али Файзулла Ходжаевич Ибрагимов (Али Ардобус).

В 1934 году Али Файзулла Ходжаевич Ибрагимов был приглашён наркомом просвещения Темирбеком Жургеновым в качестве этнографа по созданию казахского танца и казахского театра (о чем свидетельствует заявление Али Ардобуса на имя дирекции Узб. Гос. Академического театра имени Хамзы от 1934 года) [6].

Определённым итогом формирования профессионального искусства первой трети XX века стало выступление узбекских артистов на декаде Узбекистана в Москве в мае 1937 года. Выступление мастеров Узбекистана произвело неизгладимое впечатление на зрителей и вызвало восторженные отзывы в прессе.

Несмотря на общность традиций, обычаев, ментальности, у каждого народа Центральной Азии есть своё неповторимое лицо, свои самобытные черты, аутентичная культура, которую надо беречь, сохранять и бережно передавать из поколения в поколение.

Сила искусства во все времена объединяла народы и оказывала на людей большое влияние, на эмоциональном, подсознательном уровне. Задача деятелей искусства сохранять историческую память, приумножать наследие, оставленное нашими предками и основоположниками современного искусства, иногда ценой своей жизни. Создавая высокохудожественные произведения, артисты, балетмейстеры, композиторы призваны пробуждать своим творчеством лучшие качества, заложенные в каждом человеке, в каждом народе.

«Ключ к процветанию – в образовании, воспитании, знаниях. Ибо все благие цели достигаются благодаря знаниям и воспитанию.

История человечества свидетельствует о том, что процессы духовного пробуждения в жизни любого народа приводят к осознанию национальной идентичности и служат развитию» [7].

Список использованной литературы:

1. Татьяна Марценюк Абай Кунанбаев: биография великого казахского поэта // <https://www.nur.kz/family/school/1631921-abaj-kunanbaev-biografia-i-nasledie/>
2. Тайны и судьбы великих казахов. Темирбек Жургенов 19:50 Документальный фильм // <https://www.youtube.com/watch?v=W4apoxTPxPI>
3. Тайны и судьбы великих казахов. Темирбек Жургенов 22:10 Документальный фильм // <https://www.youtube.com/watch?v=W4apoxTPxPI>

4. Оперный певец Казахстана // <https://voxpopuli.kz/1140-opernyy-pevets-kazakhstan/>
5. Умаров М.Ш. Вклад джаидов в образовательную систему развития Туркестана. – Ташкент, 2000. – С.872.
6. Ер-Таргын Государственный ордена трудового красного знамени Узбекский музыкальный театр, 1938. Управление по делам искусств при СНК УзССР
7. Государственный архив института искусствознания. – Т(м). А79. – №525. – Али Ардобус
8. Большое интервью Президента Ш. Мирзиёева. Новый Узбекистан становится страной демократических перемен, больших возможностей и практической работы. – 18 августа. – 2021 // <https://e-cis.info/news/566/94096/>

Кари-Якубова Елена Анатольевна – преподаватель кафедры «Теория и история искусств» Государственной академии хореографии Узбекистана, Ташкент, Узбекистан.

¹Жумагулова Қ.Б., ²Ибраева Г.О., ³Ақжасарова А.Қ.

ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ – ҚАЗАҚ РУХАНИЯТЫ

Аннотация

Бұл мақалада ағартушы, қоғам қайраткері Темірбек Жүргенов туралы баяндалады. Қазақстан әдебиеті мен өнерінің, білімі мен мәдениетінің 1920-1930 жылдардағы дамуына зор үлес қосқан мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Қараұлы Жүргеновтің есімі Қазақстан Республикасына ғана емес, бүкіл Орта Азияға белгілі. Мәдениет пен өнердің жан-жақты дамуына үлес қосуды мирас еткен дара тұлға Темірбек Жүргеновтің тікелей басшылығымен көптеген өнер және оқу ошақтары ашылды. Темірбек Жүргенов ұйымдастырушылық жұмыстарымен қатар мәдениет саласын дамыту жайында мақалалар мен кітаптар жазып, артына мол мұра қалдырды.

Түйінді сөздер: *Т.Жүргенов, қазақ мәдениеті, әдебиет, театр, публицист.*

Публицист, қазақ мәдениетінің тарланы, білім, мәдениет және өнердің дамуына өз үлесің қосқан мемлекет және қоғам қайраткері – Темірбек Қараұлы Жүргенов ХХ ғ. 20-30 жылдарындағы ұлттық зиялы қауым өкілдерінің ішінде өзінің отансүйгіштік қасиеттерімен ерекшеленеді. Бүгінгі таңда оның шығармашылығы қазақ халқының рухани мұрасы, қоғамдық-саяси қызметін туған халқы мен елі үшін жан аямай еңбек етудің үлгісі ретінде тынылады. Т. Жүргенов небәрі 39 жыл өмір сүрді (1898-1938 жж.). Т.Жүргенов қазақ мәдениеті мен әдебиеті, ғылымы мен білімін дамытуға, олардың аса қиын кезеңде қалыптасуына қосқан үлесі зор. Ол қазақ өнерінің дамуы мен қазақ тілінің республикада негізгі қолданыс тілі болуын арман етті және сол үшін күресті.

Т. Жүргеновты оқытып, сауатын ашқан әйгілі Сыр бойының шайыры, ақын Тұрмағамбет Ізтілеуов 3-4 жыл оған араб, парсы, шағатай тілдерін үйретіп, Шығыс халықтарының озық ойлы ғұламаларының дәстүрінде тәрбиелейді. Мұны болашақ қайраткердің өзі де мойындап, алғашқы ұстазының есімін ерекше ілтипатпен еске алып: «Тұрмағамбет ақын мені Науаидың, Омар Хайямның идеяларымен, жалпы Орта Азия мәдениетімен сусындатты», - дейді. Т. Ізтілеуовтан алған білімі, әсіресе тәжік және көне өзбек тілдерін үйренуі, оған кейін,

Тәжікстан мен Ташкентте жоғары қызмет басында жүргенде пайдасын тигізді [1, 13 б.].

1913 жылы Омар Сатаев, Досмұхамбет Букин секілді демократиялық көзқарастағы ұстаздардан білім алған, Аламесек мектебін үздік тамамдаған ол Перовск қаласындағы Суханский атындағы орыс-қазақ училищесіне оқуға түседі. Училищені 1917 жылы бітіріп, Уфадағы жер өлшеу училищесінде білімін жалғастырады. Бірақ 1918 жылы басталған Азамат соғысы салдарынан оқу орны жабылып, ендігі кезекте Т. Жүргенов бар ынта-жігерімен саяси өзгерістер мен жаңарулар алдында тұрған қоғамдық-саяси өмірге белсене араласып кетеді. 1918-1921 жылдары Торғай, Ырғыз, Ақмешіт өңірлерінде түрлі кеңес қызметтерін атқарады [2, 17 б.].

Ол 1918 жылы Торғай қаласындағы «Қазақ мұңы» газетінің жауапты хатшысы болып, 1920 жылы коммунистік партия қатарына өтеді. 1921 жылы Орынбордағы жұмысшылар факультетіне оқуға түсіп оны 1923 жылы аяқтағаннан кейін оқуын жалғастыру мақсатында Ташкенттегі Орта Азиялық мемлекеттік университетінің заң факультетіне түседі бұл кезде университет 2 мыңнан астам студенті және 370 профессор мен оқытушысы бар ірі оқу орны еді [3, 67 б.].

1927 жылы ол Орта Азия мемлекеттік университетін үздік бітірген соң, оның Қазақстан жерін әкімшілік-шаруашылық тұрғыдан аудандастыруға қатысты дипломдық жұмысы аса жоғары бағаланып, профессор Н.Н. Филатовтың алғы сөзімен жеке кітап болып басылып шығады. Н.Н. Филатов алғы сөзінде былай деп атап көрсетеді: «Сынақ комиссиясы бұл жұмысты дипломдық жұмыстарға қойылатын дағдылы талаптар дәрежесінің шеңберінен жоғары деп бағалады. Зерттеу жұмысының авторы мемлекеттік құқық кафедрасына ғылыми қызметкер есебінде факультетте қалдырылып отыр» [4].

Т. Жүргенов Орта Азия мемлекеттік университетін бітірген соң, мемлекеттік құқық пәні бойынша сол университетке ұстаздық қызметке қалдырылады. Университеттен кейінгі екі жыл шын мәнісінде жемісті еңбек пен білім толықтыру жылдары болды. Республиканың ғылымы мен мәдениетінің келелі мәселелері оны бұрынғысынша толғандыра берді. Мемлекеттік жауапты жұмыстарда жүргенде де ғылыми қызметке қайта оралуды ойынан шығарған емес [5, 267 б.].

Т. Жүргенов есімі бүгінде тек қана қазаққа ғана емес, иісі түркі жұртына мәлім, Орта Азия мен Қазақстанға ортақ тұлға, аса көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, қаламы қарымды

сыншы-көсемсөз иесі. Ол Тәжік АССР-інің қаржы наркомы (1929 ж.), Өзбек (1930-1933 жж.) және Қазақ АССР-інің Халық Ағарту комиссары (1933-1938 жж.) қызметтерін қиын кезеңде абыроймен атқарып, ұлтымыздың мәдениеті мен әдебиеті, ғылымы мен білімін дамытуға тер төккен ұлтжанды азамат.

Т. Жүргенов республика Халық ағарту комиссары болып небәрі төрт жыл ғана істеді. Бірақ, сол төрт жылда қазақ өнері мен мәдениеті, білім беру ісі салаларында өте көп істер тындырылды. Жер-жердегі оқу орындарының жағдайымен жақын танысқан Т. Жүргенов мектеп жүйесін кеңейту, оқуға қажетті құралдарды шығару, мұғалімдердің білімін жетілдіру, кадрлар даярлау мәселесін шұғыл жақсартуға белсене кірісті. Аз жылдың ішінде бұл бастама нәтижесін бере бастады. Педагогтік техникумның курстарында мұғалімдерді қысқа мерзімде дайындады, сондай-ақ республикада жалпыға міндетті оқуды жүзеге асыруға және мектептер үшін мамандар дайындауға үлкен көмек көрсеткен Ресей мен басқа республикалардан мұғалімдер келді. Осы уақытта барлық бастауыш қазақ мектептері түгел дерлік және жеті жылдық мектептің көпшілігі ана тілінде оқытудың белсенді әдістерін қолданды. Ұлт тілінде оқытатын мектептер көптеп ашылды. Негізінен, ұлттық орта мектеп жүйесі Қазақстанда осы тұста қалыптасты. Ұлт тілі, әдебиеті, тарихы сол кезден бастап мектепте оқытылатын пәндер қатарына енді [6, 165 б.].

Қай жерде қызметте болмасын жеке адамгершілік қасиетіне тән, өзіне тапсырылған қызметті оның адалдықпен атқарғанын көреміз. Көптеген уақыттар бойы бодандық құрсауында болған, әл-ауқаты төмен экономика жағынан артта қалған Орта Азия мен Қазақстанның оқу-ағарту саласын басқару кімге болса да оңай шаруа емес екені белгілі. Әуелі сауатсыздықты жою, жаппай бастауыш мектептер ашу ісі қолға алына басталды.

Қазақстан әдебиеті мен өнерінің 1936 жылы Мәскеуде болған алғашқы онкүндік – қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан мәдениетінің жетістіктерін бүкіл одаққа танымал етті. Үкімет қазақ халқының әдебиет пен өнер қайраткерлерінің таланты мен шеберлігін жоғары бағалады. Расында да қазақ мәдениет өнерінің Мәскеу қаласындағы алғашқы онкүндігінің іс жүзіндегі басқарушы да, жауаптыда Т. Жүргенов болатын. Қазақстан халқының халық артисі Ш. Жиенқұлова өз естелігінде «Т. Жүргенов халқымыздың нағыз біртуар азаматы еді. Оның еңбегі көпке дейін аталмай жүрді. Егер қазақ халқы 1936 жылы Мәскеуде өткен қазақ әдебиеті мен өнерінің алғашқы онкүндігін мақтаныш ететін болса, алдымен Т.Жүргеновтың аты аталу керек.

Мәскеу қаласында да түн ұйқысын төрт бөліп қазақстандық өнер шеберлерінің басы қасында жүруі, жанға қуатты жалынды сөзі біздерге қаншама күш-қуат берді десеңізші!» - деп есіне алып, Т.Жүргеновтың ұйымдастырушылық қабілетіне өте жоғары баға берген болатын [7, 79 б.].

Т. Жүргенов өнер комитетінің төрағасы, әрі өнер зерттеушісі ретінде қазақ халқының өркендеген өнері жөніндегі көкейкесті мәселелерді үнемі алға қойып отырды. Бұл жайында Қазақстанның белгілі мәдениет қайраткері С. Мұқанов, Ғ. Мүсірепов, Ә. Тәжібаев, Ж. Арыстанов, С. Қожамқұлов, Қ.Байсейітова, Қ. Жандарбеков, А. Жұбанов, М. Қаратаев және тағы басқа өнер иелері өздерінің естеліктерінде, баяндамаларында және монографиялық еңбектерінде еске алады. Белгілі өнер қайраткері Құрманбек Жандарбеков ол туралы: «Біз оны қазақ театрының атасы ретінде білеміз. Біз оны қазақ өнері мен әдебиетінің білімдары ретінде танимыз. Біз оны Қазақстандағы оқу ағарту ісінің талмас жанашыры ретінде білеміз» десе, академик Ахмет Жұбанов: «Жүргеновтің кабинетінен шыққанда Алатауды айырып Қаратауды қайырып шығатындай күш-жігермен шығатын едік» - деп, өнер басшысының қажыр-қайратына таңданады. Ал Ғабит Мүсірепов: «Жүргенов тілді де тісті, жігерлі де іскер адам» десе, Әбділда Тәжібаев: «Темірбек орта бойлы, қаршыға пішіндес кісі еді. Ол шешіп сөйлегенді, кесіп істегенді ұнататын. Осындай іскер біздің мақтаулы Нарком Жүргенов» - деп басшылық қабілетіне риза болады.

Т. Жүргеновтің тікелей басшылығымен қазіргі Абай атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық опера және балет театры, драма театры, бүгінгі Құрманғазы атындағы ұлттық консерватория, Қазақ филармониясы, хореографиялық училище, Қазақстан Жазушылар одағы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақ ұлттық аграрлық университеті салынғаны көзі қарақты оқырманға белгілі. Бұл күндері аталған орындар мен ғимараттар қазақ руханияты мен ғылымының, мәдениеті мен өнерінің, әдебиетінің алтын төріне айналып отыр [8, 31 б.].

Т. Жүргеновтің қаламынан көптеген публицистикалық шығармалар жарық көріп, ұшқыр ой, көсем сөздерді мұра етіп қалдырды. «Қазақстандағы мәдениет революциясы», «Қазақстандағы сауатсыздықты жою» кітаптары, «Саяси экономика» оқулығы, «Орта Азиядағы қазақ халқының күйлері», «Қазақ педагогикалық институтын құру», «Қазақ халқының

ақындары мен жыршылары», т.б. очерктер мен мақалалары түйткіл мәселелерге арналып жазылды.

Темірбек Жүргеновтің халқымыздың болашығы үшін атқаратын жұмыстары мен жоспарлары көп еді. Халқы үшін қалтқысыз қызмет еткен үлкен тұлға 1937 жылдың зобалаңына ұшырап, 39 жасында жазықсыз жала жабылып, құрбан болды. Қорыта айтқанда, Қазақстан әдебиеті мен өнерінің, білімі мен мәдениетінің 1920-1930 жылдардағы дамуында Темірбек Жүргеновтың алатын орны ерекше, жазған еңбектерінің ғылыми маңызы зор. Алдымызда Темірбек Жүргеновтің өмір жолының тылсым беттерін ашу, еңбектерін тереңінен зерттеу, мұраларынан тағылым алу, насихаттау және бұқараға жеткізу міндеті тұр.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жұбанов А. Нарком Жүргенов: Қазақтың театр өнерін дамытудағы қызметі туралы. //Мәдениет және тұрмыс. – 1967. –N4. – 142 б.
2. Иманғалиев Б.С. Темірбек Жүргенов (зерттеулер, мақалалар, құжаттар жинағы). – Алматы, 2012. – 439 б.
3. Жизнь и деятельность казахской национальной интеллигенции в Туркестане (Сборник документов и материалов). – Шымкент, 2004. – 276 с.
4. Жүргенов Т. СССР мен Қазақстанда әкімшілік-шаруашылық жағынан аудандарға бөлу проблемасы. – Қызыл-Орда: ҚазМембаспасы, 1927
5. Жүргенов Т. Таңдамалы. Избранное. – Алматы: Арыс, 2001. – 275 б.
6. Құнантаев Қ.Қ. Қазақстанда білім беру ісінің дамуы (1917-2000 жж.). – Алматы, - 2003 ж. – 193 б.
7. Дайрабай Т. Тұғыры биік тұлға. – Алматы: Шартарап. 1998. – 170 б.
8. Иманғалиев Б. Темірбек Жүргенов шығармалары. – Алматы. 2013. – 384 б.

Жумагулова Қаршыға Болатовна, Ибраева Гүлжан Орынбаевна, Ақжасарова Айнұр Қонысбековна – ҚР Ұттық музей, Ғылыми қызметкерлері, Астана, Қазақстан.

ИЗ ИСТОРИИ КУЛЬТУРНОГО СТРОИТЕЛЬСТВА В СРЕДНЕЙ АЗИИ 1930 – 1940-х ГОДОВ

Аннотация

В статье освещается творчество известного общественного деятеля Т.К. Жургунова и композитора Е.Г. Брусиловского, внесших значительный вклад в культурное строительство в республиках Средней Азии в 1930 – 1940 -х годах, в том числе в сохранение самобытного национального искусства.

Ключевые слова: культура, искусство, духовность, ценность, самобытность.

Имя видного государственного и общественного деятеля Темирбека Караевича Жургунова (1898 - 1938) неразрывно связано со становлением и развитием казахского национального искусства, литературы, культуры и образования периода 1920 – 1930-х годов. Его научное и творческое наследие, его вклад в сохранение и пропаганду национальных духовных ценностей имеют важное значение не только для казахского народа, но и для народов Узбекистана и Таджикистана, поскольку в соседних странах также высоко ценится его плодотворная созидательная деятельность.

Активная жизненная позиция, ответственность за судьбу народа, выполнение возложенных обязанностей с полной самоотдачей, целеустремлённость и самоотверженность – это лишь некоторые черты, характеризующие Т.К. Жургунова как просветителя, организатора и руководителя, действовавшего в сложных и противоречивых политических условиях данного исторического периода. Работая на различных руководящих постах в сфере образования и культуры, он стремился реализовать все свои способности для достижения поставленных целей, опираясь на свой опыт и знания, на профессионализм своих сподвижников – известных представителей научной и творческой интеллигенции.

Темирбек Караевич Жургунов родился в 1898 году в селе Мадениет Жалагашского района Кызылординской области, где

прошли его детские и юношеские годы. Из биографии Т.К. Жургунова известно, что после двухгодичного обучения на факультете журналистики Оренбургского рабфака, юноша в 1923 году поступает на факультет права Среднеазиатского государственного университета в Ташкенте. Проявив в студенческие годы трудолюбие и увлечённость избранной профессией, он после окончания учёбы в 1927 году продолжает профессиональную деятельность в университете в должности научного сотрудника по государственному праву.

В 1926 году в Ташкенте открывается первый Казахский педагогический институт, и Т.К. Жургунов, будучи ещё студентом, назначается на должность его ректора. Исходя из реальных условий тех лет и глубоко осознавая, что вновь созданный институт не в состоянии решить вопрос подготовки кадров для всех отраслей экономики республики, молодой учёный ставит вопрос о необходимости реорганизации Казахского пединститута в Казахский Государственный университет с более широким спектром подготовки специалистов, который бы одновременно был научно-исследовательским центром. Его неутомимая деятельность пронизана заботой о перспективах развития высшего образования, подготовке специалистов для различных сфер народного хозяйства, бурно развивавшихся в те годы, в том числе для сферы образования, науки и культуры.

В 1929 году по решению Среднеазиатского бюро ЦК ВКП(б) Т.К. Жургунов направляется в Таджикистан народным комиссаром финансов, а позже, в 1930 – 1933 годах работает в Узбекистане народным комиссаром просвещения. Высоко оценивая духовное наследие выдающихся деятелей науки и культуры прошлых поколений, Т.К. Жургунов способствовал прогрессивному развитию культуры среднеазиатских республик.

Являясь одним из первых исследователей истории культурного строительства в республиках Средней Азии и Казахстана, Т.К. Жургунов собрал статистические и демографические сведения, исследовал литературные источники и архивные материалы. Среди творческой интеллигенции Т.К. Жургунов имел высокую репутацию как истинный патриот национальной культуры и искусства, обладающий изысканным художественным вкусом, ценящий и понимающий искусство. «Этот авторитет он заслужил своей высокой и разносторонней культурой, тонким пониманием искусства, истинной озабоченностью о его развитии» [3, 134].

Стремясь внести свой вклад в сохранение национального культурного наследия, Т.К. Жургуенов собирал и записывал многие произведения устно-поэтического творчества казахов, в том числе песни современных казахских акынов. В 1924 году им издается один из первых сборников песен и поэм акынов Казахстана под названием «Терме» («Сборник»), который был снабжен большой вступительной статьей составителя. В 1936 году сборник был значительно пополнен, отредактирован и выпущен на русском и казахском языках к первой декаде казахской литературы и искусства в Москве.

Одним из сподвижников Жургуенова в созидании современной культуры Казахстана был известный композитор Е.Г. Брусиловский, приехавший в Алма-Ату из Ленинграда в 1933 году.

Евгений Григорьевич Брусиловский вошел в историю музыкальной культуры Казахстана как один из основоположников профессионального творчества европейской традиции нового направления, появившегося в среднеазиатских республиках в 30-е годы XX столетия. Это направление наряду с профессионализмом индивидуального композиторского творчества ориентировано на глубинные взаимопроникновения, на связи традиционной национальной народной музыки с достижениями мировой музыкальной культуры европейского типа.

Как представитель этого направления в Казахстане, Е.Г. Брусиловский стал лидером композиторской школы республики. И нет ни одной области музыкального творчества, где бы он ни принимал деятельного участия и не внёс весомый вклад в её развитие.

Е.Г. Брусиловский написал 9 опер, 4 балетов, 9 симфоний, 2 кантаты, несколько симфонических поэм и увертюр, множество камерно-инструментальных сочинений, песен и романсов. Он сочинил музыку к кинофильмам и драматическим спектаклям, а также написал музыку к гимну Казахстана (совместно с М. Тулебаевым и Л. Хамиди). Делом жизни Евгений Григорьевича было собирание и запись более 250 казахских народных песен и кюев.

Е.Г. Брусиловский оставил яркий след не только в истории казахского, но и узбекского искусства как автор музыки одного из первых национальных балетных спектаклей.

Формирование балетного искусства в Узбекистане опиралось на богатый источник народного искусства, на его

уникальное национальное своеобразие. Между классическим балетом и самобытным народным танцем протянулись крепкие нити хореографических связей.

История узбекского национального балета начинается с 1933 года, когда была осуществлена первая балетная постановка «Пахта» (композитор Н.Рославец, балетмейстеры К.Бек, Усто Олим Камиллов). Следующими в поиске путей становления явились балеты «Шахида» Ф.Талы (1939 г., балетмейстер А.Томский, Усто Олим Камиллов, М.Турганбаева) и «Гуландом» Е.Брусиловского (1940 г., балетмейстеры И. Арбатов, Усто Олим Камиллов, Тамара Ханум) [1, с.125].

Балет «Гуландом» стал первым балетом, в котором слились воедино выразительные средства классического и узбекского национального танца. Замысел балета родился у выдающейся танцовщицы Тамары Ханум и композитора Пулата Рахимова во время их пребывания в Хорезме еще в 1934 году [2, с.76].

Там было задумано либретто, были записаны народные хорезмийские мелодии, собраны танцы – все это послужило материалом для будущего балета, ставшего значительным явлением узбекской театральной культуры. Музыка балета была создана Е.Г. Брусиловским, сумевшим организовать обширный фольклорный материал и подчинить его драматургическому замыслу сценария.

Действие, описываемое в балетном спектакле, происходит в Хорезме. Во время праздника весны Навруз хан замечает красавицу Гуландом. Он приказывает приближенному Мадраимбеку доставить девушку в гарем. Мадраимбек предлагает отцу Гуландом золото и после его отказа приказывает схватить Гуландом. Бахтиер – жених девушки – призывает друзей освободить Гуландом.

Во время пиршества хан приказывает привести красавицу, чтобы она танцевала перед гостями. Во время танца она пытается убить хана. Но Мадраимбек схватывает ее за руку. Гуландом брошена в темницу. Туда же попадает Бахтиер. Влюбленные должны быть казнены. Вооруженные друзья Бахтиера врываются в темницу, Гуландом и Бахтиер бегут.

На берегу Амударьи грустит мать Гуландом. Один из друзей Бахтиера сообщает что Гуландом и Бахтиер освобождены. Но появляются ханские нукеры. После нападения рыбаков нукеры бегут. Народ празднует победу.

Особенностью «хореографической партитуры стало органическое сочетание своеобразие колорита хорезмского

фольклора с приемами классической техники» [4, с.112]. Основу партитуры «Гуландом» составили народные песенные и танцевальные мелодии Хорезма, собранные композитором П. Рахимовым и обработанные Е.К. Брусиловским по канонам балетной драматургии. Для массовых плясок первого акта, в котором разворачивались картины жизнерадостного весеннего народного праздника, постановщики отобрали хорезмийские традиционные танцы, органично вплели их в развитие действия. Массовые пляски сочетались с лирическими дуэтами Гуландом и ее возлюбленного, построенными по законам классического танца. Народные хорезмские танцы выразительно и эмоционально передали содержание массовых сцен, как например танец «Лазги» в финальной сцене восстания. Многие сцены были насыщены подлинным драматизмом: встреча влюбленных в зиндане, марш и пляска рыбаков, восстание рыбаков.

Одной из кульминационных сцен стал танец Гуландом с кинжалом. Хан, восхищенный красотой Гуландом, похищает ее и делает одной из своих рабынь, украшающих гарем. На великолепном торжестве он желает показать именитым гостям прославленную красавицу. Одетые в яркие шелка, вытканые золотом, девушки из гарема исполняют бухарский танец, их сменяют иранские красавицы, нежные девушки Ферганы. Развалившиеся на подушках гости блаженно тянут из пиал вино. Появляется Гуландом – гневная, не желающая смириться. Медленно начинается танец Гуландом. Но затем она, как птица, летит по кругу, все убыстряя темп, готовясь к смертельному удару кинжалом, направленным в сердце хана.

В отличие от первых постановок, балет «Гуландом» получил долгую сценическую жизнь и ставился на протяжении десяти лет. Образ Гуландом очень выразительно и эмоционально создала прима-балерина Мукаррама Тургунбаева, впоследствии – народная артистка СССР, создательница всемирно известного танцевального ансамбля «Бахор». Также эту партию танцевала балерина и балетмейстер Розия Каримова, создавшая впоследствии учебные пособия по ферганскому, бухарскому и хорезмскому танцу. Обе балерины старались создать образ сильной и отважной девушки. Исследователь узбекского балета, кандидат искусствоведения Л. Авдеева отмечает: «Постановка балета «Гуландом» подвела итоги первого этапа работы деятелей хореографии Узбекистана в области создания национального балета» [2, с.77].

Плодотворная общественная и созидательная деятельность Т.К. Жургунова и Е.Г.Брусилковского, несомненно, оставила яркий след в развитии духовно-просветительской сферы в Средней Азии в 1930-1940-х годах, в том числе в становление национального искусства.

Список использованных источников:

- 1 Абдурахимов Б. Художественная культура Узбекистана: XX век. Ташкент: Узбекистан, 2000. – 238 стр.
- 2 Авдеева Л.А. Балет Узбекистана. – Ташкент: Изд-во им. Г.Гуляма, 1973. – 126 стр.
- 3 Насибулина Л.И. История узбекского хореографического искусства. – Ташкент: Навруз, 2019. – 214.

Ташкенбаев Пулат Иркинович – кандидат искусствоведения, доцент кафедры «Теория и история искусств» Государственной академии хореографии Узбекистана, Ташкент, Республика Узбекистан.

